

Түпқараған ауданының Сайын Шапағатов ауылдық округын құру туралы

Маңғыстау облыстық мәслихатының 2010 жылғы 23 шілдедегі № 26/304 шешімі және Маңғыстау облысы әкімдігінің 2010 жылғы 15 шілдедегі № 266 қаулысы. Маңғыстау облысының Әділет департаментінде 2010 жылғы 25 тамызда № 2076 тіркелді

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы әкімдігінің 29.07.2015 № 224 қаулысымен және Маңғыстау облыстық мәслихатының 29.07.2015 № 27/413 шешімімен (жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Түпқараған аудандық мәслихаты мен Түпқараған ауданы әкімдігінің Түпқараған ауданының Сайын Шапағатов селолық округін құру туралы ұсынысын қарай келіп, «Қазақстан Республикасының әкімшілік - аумақтық құрылысы туралы» 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 11 - бабының 3 - тармағына сәйкес облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТТІ** және облыстық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Сайын Шапағатов елді мекені «ауыл» санатына жатқызылсын.

Ескерту. 1 - тармаққа өзгерістер енгізілді - Маңғыстау облысы әкімдігінің 30.07.2014 № 187 қаулысымен және Маңғыстау облыстық мәслихатының 30.07.2014 № 18/281 шешімімен(жарияланғаннан кейін 10 күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Ақшұқыр ауылдық округі құрамынан бөліп, шекарасы Сайын Шапағатов ауылы аумағындағы, орталығы осы ауыл болатын Түпқараған ауданының Сайын Шапағатов а у ы л д ы қ о к р у г і қ ұ р ы л с ы н .

Ескерту. 2 - тармақ жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы әкімдігінің 29.07.2015 № 224 қаулысымен және Маңғыстау облыстық мәслихатының 29.07.2015 № 27/413 шешімімен (жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа е н г і з і л е д і) .

3. Осы қаулы мен шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Қ. Көшербаев

Сессия төрағасы

Қ. Келжанов

О б л ы с т ы қ

мәслихат хатшысы

Б. Шелпеков

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК